



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

ақшаны жетімдердің аузынан жырып, қалтасына басушылар жетерлік. Сондықтан, жетім баланың тағдырына толықтай жауапкершілікті Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі өз мойнына алу керек, - деді.

"Жетімдері жоқ Қазақстан" жобасы Алматы қаласының Қайырымдылық Қорлары Қауымдастығының жұмысы шеңберінде өтіп жатыр және "Дара", "Аяла" және "Дом Милосердия" қайырымдылық қорларының бірлескен жобасы болып табылады. Жобаның мақсаты - Қазақстанда жетімдікті түп-тамырымен жою.

**2.Әлеуметтік жетімдер санын өсуінің себебін емес оны қалай алдын алатын ойластыруымыз қажет.** Көптеген аз қамтылған отбасылар, көбінде ата-аналарының араққа не есірткіге салыну мәселесі орын алады. Осы жағдайда баланы бірден алып кетуді емес, осы жағдайды алдын алуды ойластыруымыз қажет.

**3. Алимент пайызын өсіргеннен еш пайда жоқ.** Алайда көрші Белоруссия мемлекетінде жетімдер үйіне өткізген ата-аналаға алимент төлетеді және де өздері жұмыс тауып береді.Әрине жалақысы жоғары жұмыс емес дегенменде жартысы бала тәрбиесіне өтіп отырады.

Анасы баласына жауап бермегенде, кәсіпкер сөзіне жауап бермегенде, халық өз іс-әрекетіне жауап бермегенде қоғамның артқа кетушілігі емей немене.

Қазақта тастанды мен жетім баланың болмауы ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық менталитет. Ендеше, әр перзент халықтың құндылығын дамытып, өрістетуге бағдарланған қағидаларды өз бойына сіңіріп, жетімдер санын көбейтпеуге атсалысулары тиіс. Біздің мемлекетіміз қазіргі қазақстандық ұлттардың барлығынан осы қағиданы – тілін, дінін, тарихын білуді уағыздай отырып, адамгершілік қасиетті бойына дарытуды талап етуі қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шибутани Т. Социальная психология. -Ростов –на Дону, 1998.- С. 538.
2. Қабақова М.П. Бірлескен өмірлік іс-әрекет процесіндегі ерлі-зайыптылардың қатынас тұрақтылығының психологиялық факторлары:... Автореф.дис канд. психол наук.- А.,2004.- Б.17
3. Абульханова-Славская К.А Стратегия жизни.–М.: Мысль,1991.-С.299.
4. Спиваковская А.С. Как быть родителями.- М.,1985- С.132.
5. Неке және отбасы туралы кодекс.-2012 Алматы 1бап 1 тармақ 104 б.
6. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности: пер. с нем. Э. Телятниковой. – М.: Аст, 2004. – С. 635.
7. Р. Мэй Любовь и воля. -М., 1997. -С. 123.

**УДК 342.2/3**

### **«ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНЫҢ 21-БАБЫНЫҢ (ТҰРҒЫН ҮЙ ИЕСІ ОТБАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ) СОТ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Ақман Шырайлым Жақыпбекқызы**  
Akman\_Shyrailym@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана қ.  
Ғылыми жетекшісі - Тулеубаев Г.Ж.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 25-бабының 2- тармағында«азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады», - делінген.Қазақстан

Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде жариялай отырып жүйелі түрде тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту, сонымен қатар, тұрғын үй тапшылығы мәселесін шешу саясатын жүргізеді [1].

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі - Заң) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй тұрғын үйге мұқтаж, осы елді мекенде тұрақты тұратын және халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын табысы аз топтарына жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына беріледі.

Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж деп тану Заңның 69-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңның 71-бабының 1-тармағына сәйкес, коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беруге болатын Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алуды тұрғылықты жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады. Есепке осы Заңның 67-бабының 1-тармағында аталған Қазақстан Республикасының азаматтары қойылады [2].

Мемлекеттік кәсіпорынның не мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге мұқтаж азаматтар есепке қою үшін жергілікті атқарушы органдарға өз құжаттарын өткізуі қажет. Өткізілетін құжаттардың тізімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 856 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларының» 8 тармағында көрсетілген.

Аталған қағиданың 8 тармағы 7 тармақшасына сәйкес, құжаттар тізімінде, өтініш берушінің отбасы мүшелері деп басқа адамдар танылған жағдайда алғашқысы оларды өтініш берушінің отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімін ұсыну қажет. Осы нормадан, азаматтарды отбасы мүшесі ретінде тану сот арқылы жүзеге асырылатындығы туындайды.

Занның 21-бабын, яғни тұрғын үй иесі отбасының мүшелері деп тану туралы нормасын сот тәжірибесінде қолданылуына мысал келтірейік.

Мысалы, талапкер А. өзінің туысқан С.-ның үйінде тұрған. Азамат С. аталған пәтерде жалға алу шарты негізінде тұрған. 2007 жылғы 28 тамыздағы соттың шешімімен азамат С. өлді деп жарияланған. Талапкер А. туысқаны С.-ның үйінде тұрғанын алға тартып, жалдау шартын өзімен жалғастыруды көздеп сотқа өзін С.-ның отбасы мүшесі деп тануы туралы арызымен жүгінеді. Сот, азамат С.-ның талапкер А.-ны өзінің отбасы мүшесі деп тану туралы ешқандай жазбаша құжат қалдырмағандықтан, талапкер А.-ның аразын қанағаттандырусыз қалдырады. Демек, Заңның 21-бабына сәйкес тұлғаны отбасы мүшесі деп тану үшін тұрғын үй иесінің келісімі керек. Азамат С. қайтыс болғандықтан оның еркінбілу мүмкін емес. Сондықтан, сот шешім шығару барысында тұрғын үй иесінің тұлғаны отбасы мүшесі ретінде тану туралы өзара келісімнің болуын талап етеді..

Дегенмен, отбасы мүшесі деп тану үшін өзара келісімнің болуы да жеткіліксіз. Оған сот тәжірибесінен келесі мысалды келтірейік: Азамат М. 2005 жылдан бастап тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған. 2014 жылдың желтоқсан айында сотқа анасы және інісі талапкермен 2014 жылдың маусым айынан бастап бірге тұратындықтан, анасы Р-ны және әрекетке қабілетсіз деп танылған інісі Н-ны өзінің отбасы мүшесі деп тану туралы арызымен жүгінген. Сот талапкер М.-ның арызын қанағаттандырусыз қалдырды. Оған анасы Р.-ның атында жылжымайтын мүлкінің (жеке үйі) болуы, ал інісі Н.-ның тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұруы негіз болды. Тағы бір негіз олардың тұрақты тұрмауы.

Демек, отбасы мүшесі деп тану туралы Занның 21-бабын қолданған кездері, сот Занның өзге де баптарын жиынтықта қолданады. Яғни, отбасы мүшесі ретінде тану үшін ата-анасы немесе туысқандары тұрақты тұруы қажет және олар да тұрғын үйге мұқтаж болуы қажет.

Заңның 21-бабының 1-тармағында 5 жыл тұрақты тұру деген талаптың болмауы, осы бапты қолдану барысында сот тәжірибесінде келесі қиындықтар туындатады. Себебі, Заңның 21-бабының 2-тармағында бұл талап нақты көрсетілген.

Дегенмен, істі қарау барысында тұрақты тұратын деп тану үшін 5 жылды қолданған дұрыс.

Тәжірибеде қолайсыз жағдайлар туғызбас үшін, Заңның 21-бабын біркелкі қолдану мақсатында ҚР Жоғарғы соты оны қолдану туралы нормативтік қаулы шығарған жөн деп санаймыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-құқықтық түсініктеме. Авторлар ұжымы. Қазақстан Республикасының заң шығару институты. Алматы: «Жеті жарғы», 2005,-392 бет.

2. Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz> / Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

**УДК 347.254**

### **ТҰРҒЫН ҮЙ ЕРЕКШЕ МЕНШІК ОБЪЕКТІСІ**

**Бейсе Саламат**

*Salamat01kz@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Қазақ халқы байырғы заманнан бері өз шаңырағын ерекше сыйлап, қадірлей білген. Осы орайда «қасиетті қара шаңырақ» деген аталы сөз бекер айтылмаса керек. Мұндағы «шаңырақтың» киіз үйдің қақ төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі екені белгілі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Жаңадан отбасын құрып, үлкен өмірге қол ұстасып бірге аттанған жастарға «Құрған шаңырақтарың биік, босағаларың берік, керегелерің кең болсын!» деп текке айтылмайды. Бұл – құрған отбасыңның тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз.

«Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау». Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзіне осылай деген еді. Шындығында, кез келген мемлекеттің ұстанымын, ұлтының құндылығын айқындайтын Негізгі Құжат – Конституция. Олай болса, Ата заңды киелідей аялап, қастерлеу – ұлттың ұлы парызы.

Еліміздің басты заңы, ата заңымыз Конституцияда тұрғын үйді ерекше меншік объектісі ретінде қарастырады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 25-ші бабының 1-ші тармағында «Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол берілмейді» делінген.[1]

Қазақстан Республикасының 1997 жылы 16 сәуірде қабылданған «тұрғын үй қатынастары» туралы заңында тұрғын үй тұрғын мақсатта қолданылатын, санитарлық, белгіленген техникалық талаптарға жауап беретін пәтер немесе тұрғын үй болып табылады. Және де осы заңда тұрғын үйдің көптеген түрлері көрсетілген олар: үй, пәтер, жатақхана және т.б. Түрлі тұрғын үйлердің өзіне тиесілі құқықтық режимдер, билік ету, иелену,